

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ЗАҢ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЗАҢДЫҚ ТЕХНИКА ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Садепхан А., Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ 3 курс
студенті*

*Ғыл. жет: Тоқатов Р.А., азаматтық және еңбек құқығы
кафедрасының аға оқытушысы*

Әр халықтың, мемлекеттің елдігін дәлелдейтін айғақ іспеттес жәдігерлері жетерлік, сол жәдігердің бірінде бірегейі кімнің қай ел екенінің бейнесі боларлық өзере тән тілі болары хақ. Қазақ дейтін ұлтта өмірі өшпес мұрасы бар қазақ дейтін асыл тілдің мұрагері. Ұлттың уайымына айналған бүгінгі қазақ тілінің мәселесі талай заманнан бері елім дейтін қай адамды болсын толғандырғаны рас. Қазақ тілінің қолданыс кеңістігімен, өзгеріске ұшырап бара жатқан ішкі құрылысы бүгінде біздіде алаңдатуда. «Қазақы заң», заңдардағы қазақ тілінің қолданысы, алып жатқан орынымен беделі сынды мәселелерді бүгінде қазақша жазылған заңды ашып көрген әрбір азаматтың байқары сөзсіз. Оған себеп болып отырған, бүгінгі мақаланы жазуға түрткі еткен қазақша мәтінді заңдардың құрылымы, қоланысы, мағынасы болып отыр. Бүгінгі күнде тіліміздің қоржынына көптеп кірме сөздермен, шет ел сөздері келіп қоныс тебуде. Ондай орынсыздық бүгінгі жаңа заман талабы депте қабылдауы мүмкін кей жұрт. Қойнауы бай, қазынасы тереңдегі қазақ тілінде ойды жеткізуге, сөйлеуге, шығарма жазуға тіліміздің сөздік қоры жеткілікті деп санаймыз. Осы бүгіндегі бұл мәселе, тілдің ертеңінің тарихтан қалған өрліктің өлшемін кемітер. Бүгінде кірме сөздердің де біздің «қазақи заң» тіліненде орын тепкенін жасыра алмаспыз. Осы кірме сөздермен, ұлт ұрпақтарының ана тілдерінде сирек сөйлеуі, өз орталарында тілді ұлықтамауының барлығы қазақ тілінің ұмыт болуына әкеле жатқансынды. Ұлт жанашыры Бауыржан Момышұлы атамыздың майданнан жазған хаттарының бірінен мынадай ғибратты сөздер табылған екен. Батыр атамыз «Мен әскери адаммын, тіл мәселесі туралы араласарлық жөнім жоқ сияқты, бірақ та айтылған мәселелер халқымыздың жауынгерлік мінез-құлқын тәрбиелеу салт-сана, ел намысы, ер намысы адамгершілік арына, жауынгерлік мұра дәстүріне ерекше байланысты болғандықтан, көріп біліп, сезе тұра айтпағанымды өзіме үлкен ар, кешпес күнә деп түсінгендігімнен жазып отырмын» деген екен бір хатында. [1] Осы сөздерден

батырлықты қанына сіңірген осы дара тұлғаның, жеріміздің ғана емес тілімізінде қорғаушысы болғанын аңғаруға болады.

Заң, бір адамның ойымен, бір адамның ақылының таразысына өлшеніп қабылдана салмайды, ұзақ үрдістермен, ұзақ талқылаулар нәтежиесінде қабылданып бекітіледі. Бүгінде қолдағы заңдарда солай қабылданған. Келешектегі заңдарда осы үрдістен ауытқымай қабылданбақ. Ал ендеше неге осы ұзақ талқылау нәтежиесінде жазылған заңдар кіршіксіз емес, неліктен заң мәтінінен кемшіліктер табылып қайта көпшілік талқысына түсуде? Заман аумалы төкпелі арнасынан асып ауытқымай болмас. Осы заман легімен бірге жылжу кезінде құбылыстармен кезеңдерге саяқ, заңдарда өзгеріс тапса дейміз. Сол еңгізілуі тиіс өзгерістер заңдарымыздың мәтінімен байланысты. «Қазақы заң» тілінің осы кешіліктерінің туындауының бірден бір себепкері көршіміздің тілінің өктемдігінде болып отыр. Біз оған әлде біреуді кінәлай алмаймыз, бірақта осы тілдік мәселенің басындағы көп бұлттың бірі осы орыс тілінің көпшіліктің тіліне айналып қанымызға сіңіп бара жатқандығын алға тарта аламыз. Заң саласындағы кемшіліктердің басы сонау Тәуелсіздік жылдарынан да бұрын орнағандығын тарих беттерінен аңғаруға болады. Қайрат Сақтың «Алаш көсемсөзі-Тіл мәселесі» көптомдық кітабында жазылған «Орыстан басқа жұрттармекемелергеөзтіліндеарызжазуға, өзмұныншағуғаболмайтынеді. Мәселен, судьяның өзіде һәмоныңалдына жүгіне келген талапкермен жауапкердің бәрі қазақ болсада, «закон бойынша» қазақ судья қазақтардан переводчикар қылы орысша жауап алатын еді. 1909 жылы дала уалаятының генерал-губернаторы Шмидт Ақмола, Семей облыстарында «орыстыңтілін білмеген, хатын танымаған қазақ болыс бола алмайды» деген жарлық шығарып еді.» деген сөздер осы заң аясындағы кереғар кемшіліктің біріне алып келген тілдің еріксіздігі екендігін көрсетеді [2]. Осы кітапта жызылған бұрынғы осы кереғарлықты, қазіргі«Сот ісін жүргізу тілі сотқа талап қою арызы (арыз) берілген тілге байланысты сот ұйғарымымен белгіленеді.» деп 2015 жылғы 31 қазандағы «Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің» 14 бабымен дұрыстаған [3]. Яғни бұл қай ұлт өкілі болсада өзі түсінетін, ұғынатын тілінде сот ісінің жүргізілуін талап ете алады дегенді білдіреді. Бұл еліміз демократиялы ел болғандықтан барлық ел азаматтарының тең құқылы екендігін алға тартады.

Заң мәтініндегі қазақ тілінің мәселесі мұнымен бітпеді, ауыз толтырып айтарлықтай өзекті деректердің бірі аудармамен тілекей байланысты. Тіліміздің сөздік қорының бай екендігіне қарамастан түпнұсқасы орыс тілінде жазылған заңдарды аудару барысында кеткен қателіктер, бүгінде кодекстерді қолданушылардың наразылығын оятуда. Қайсы заңды болмасын ашып қарасақ кем дегенде бір қатені кездестіреміз. Оған себеп қазақы заң шығарушылықтың түп қазықты орнамауы. Бүгіндегі біздегі орысша қабылданған заңдарды аударуды, қазір заң шығармашылығы деп атап кеттік. Қазақша заң Тәуелсіздік жылдарына дейін бірде бір рет қабылданбаса, Тәуелсіздік алған тұстан бері ол олқылық тек екі заңды қабылдаумен өзгертілген. Алайда бұл жетістік емес. Қазақстан азаттық алғалы бері Парламент Мәжілісі тек екі заңды мемлекеттік тілде қабылдаған. Олар 1997 жылы «Халықтың көші-қоны туралы» заңымен 2002 жылы «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» заңы. Біз қазақ еліміз өз тіліміз, өз мәдениетіміз бар, сондықтан заңдарымызда өз тілімізде жазылуы керек, қажет болған жағдайда өзге тілге аударылса дейміз. Көрші Әзербайжан, Өзбекстан, Қырғызстан елдерінде заң өз мемлекеттік тілдерінде қабылданады. Мәселен, Өзбекстан тәуелсіздік алғалы 4-5 заң ғана орыс тілінде қабылданыпты. Бізде әлі күнге дейін заңдар ресми орыс тілінде қабылданып, сосын қазақшаға аударлады. Аударма сапасыз болғандықтан, түсінбеушіліктер туындап жатыр, - дейді заң мәтінін мемлекеттік тілде әзірлеуге арналған дөңгелек үстелде Парламент Сенатының Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы Мұрат Бақтиярұлы [4].

Орыс тілі халықаралық тіл, онымен қоса біздің елде ресми іс қағаздар тілінің орын алмастырған. Негізі бұл мәртебе біздің «ана тілімізге» тиесілі. Еліміз қазақ болған соң қазақ тіліміз барлық жерде өз мәртебесін, өз беделін жоғалтпауы тиіс. «Тіл туралы» Заңның 4-бабында «Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі» деп тайға таңба басқандай жазылған. Аталған баптың іс жүзінде орындалмауы заңның әлсіздігін көрсетеді. Алайда бұл олқылықты «Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» деген сол Заңның 5-бабымен ақтап алуға болады. Осы сынды мазмұны бір-бірімен қабыспайтын кереғар баптар қазақ тілінің

көсегесінің көгеріп, керегесінің кеңеюіне кедергісін келтіріп тұр. Дәл осы заңның 5-бабы орыс тілінің биліктің тілі ретінде үстемдік орнатуына қызмет етіп, қолайлы жағдай жасап тұр [5]. Заңнамаларымыздың мемлекеттік тілге аударылуында жіберілетін қателіктер, актілердің мағынасының өзгеруіне кей жағдайда жалпы түсініктің өзгеруіне алып келеді. Сол сынды кемшіліктер орын алған заңнаманың бірі Қазақстан Республикасының «Азаматтық кодексі». Азаматтық кодекстің 4-бөлімі «Міндеттемелердің жекелеген түрлері» бойынша кодесте жіберілген аударма және еміле қателерін талдайтын боламыз. Азаматтық кодекстің Ерекше бөлімінің 406-бабынан жіберілген өрескел қателікті байқауға болады. Баптың 5-тармағында жазылған «Сатып алу-сату шарттарының жекелеген түрлеріне (бөлшек саудамен сатып алу-сату, тауарлар жеткізілімі, энергиямен жабдықтау, контрактация, кәсіпорынды сату), егер осы Кодекстің ережелерінде бұл түрлердің шарттары туралы өзгеше көзделмесе, осы параграфта көзделген ережелер қолданылады.» деген сөйлемдегі «контрактация» сөзі қазақшаға аударылмаған [6]. Баптың түпнұсқасында «К отдельным видам договоров купли-продажи (розничной купле-продаже, поставке товаров, энергоснабжению, контрактации, продаже предприятия) положения, предусмотренные настоящим параграфом, применяются, если иное не предусмотрено правилами настоящего Кодекса о договорах этих видов.» деп жазылған [7]. Осы шала аударылған баптағы «контрактация» сөзін қазақшалап, осы кодекстің 478-бабында дұрыс аударылған «келісім-шарт жасасу» сөзімен алмастырсақ дейміз. Сонда дұрысында осы 5 тармақ «Сатып алу-сату шарттарының жекелеген түрлеріне (бөлшек саудада сатып алу-сату, тауарларды жеткізу, энергиямен жабдықтау, келісім-шарт жасасу, кәсіпорынды сату), егер осы Кодекстің қағидаларында бұл түрлердің шарттары туралы өзгеше көзделмесе, осы параграфта көзделген ережелер қолданылады» деп толық және түсінікті болар еді. Келесі қатені алысқа кетпей-ақ осы баптың ішінен табуға болады, осы баптың 6-тармағында қазақ тілді мәтіндегі сөздердің дұрыс қолданылмағанын аңғарамыз, оның дәлелі ретінде орысша кодекстегі түпнұсқада «При продаже имущества в порядке, установленном для исполнения судебных решений, в качестве продавца выступает судебный исполнитель.» деп жазылған 6-тармаққа, қазақша аударма жасағанда «Сот шешімдерін орындау үшін белгіленген тәртіппен мүлікті сату кезінде сот орындаушысы сатушы ретінде шығады.» деп аударған. Осы жердегі «ретінде

шығады» сөзін «әрекет етеді» деп өзгертсек болар еді, сондағы толық аударма «Сот шешімдерін орындау үшін белгіленген тәртіппен мүлікті сату кезінде сот орындаушысы сатушы ретінде әрекет етеді.» деп әлде қайда түсінікті болады деп санаймыз.

Азаматтық кодекстің Ерекше бөлімінде өріп жүрген қателердің бірі 409-баптың 2-тармағындағы «келісуінсіз» сөзі. Олай деуге себеп орысша түпнұсқада «Продавец не вправе исполнять такой договор до наступления или после истечения определенного в нем срока без согласия покупателя.» деп жазылған сөйлемді аудармашылар «Сатушының мұндай шартты онда белгіленген мерзім басталғанға дейін немесе біткеннен кейін сатып алушының келісуінсіз орындауға құқығы жоқ.» деп аударған. Мұндағы «без согласия» сөзін «келісуінсіз» деп аударған. Біздің нұсқада бұл аударма «Сатушының мұндай шартты онда белгіленген мерзім басталғанға дейін немесе мерзім аяқталғаннан кейін сатып алушының келісімінсіз орындауға құқығы жоқ» деп аударылғанын дұрыс дейміз [6]. Бапты толық аударғанда неліктен кей сөздер аударылмай қалады ал, кей баптарда дәл сол сөз аударылмаған сөз аударылып тұрады. Мысалы, ондай өрескел қателікті 446-баптан кезіктіруге болады. Баптың мәтінін оқитын болсақ «тауар чегін» деген сөзді ал, 452-баптың 2-тармағынан және 772-баптың 2-тармағынан «түбіртек» сөзін кездестіруге болады. Бұл жерде қайтадан терминдердің бір ізді болмауы мәселесі орнауда. Осы 446-баптың мазмұнынан «чек» сөзін алып тастап «түбіртек» сөзін енгізсек дейміз. Себебі, заң мәтіндерімізде, терминдерімізде қазақша болуы тіліміздің келешегіне елеулі үлес қосары анық. Мемлекеттік тіліміздегі өзекті осы мәселелердің шешімін табуы, тіліміздің жарқын болашағының жолындағы қаланған бір тас іспеттес болмақ және сол тастың қалануының себепкері болу жұртымыздың алдындағы асыл парызымыз екенін естен әсте шығрмау керек. Іскерлік тілге шет ел тілінің енуі бүгінгі күнгі заң саласындағы терминдер мәселесінің біріне айналды, осы сынды қателіктерді 447-баптың 1-ші және 2-ші тармақтарынан және 450-баптың 1-тармағынан байқауға болады. Мұндағы жасалған шала аударманың өкілі, баптың 1-тармағындағы «каталог» сөзі. Гректің «katalogos» «тізім» сөзінен шыққан бұл сөздің қарап тұрсақ аудармасы бар [8]. Ендеше неге осы аударманы қолданбасқа, жазбасқа. Сондағы біздің 447-баппен 450-баптың мазмұнына «тізімдеме» деген қазақша аударма енер еді.

Бүгінгі таңдағы қолда бар қазақша заңдар нақтырақ айтсақ аударма заңдардың сапасы сын көтермейді. Осы мәселе тұрғысынан заң ғылымдарының кандидаты, жоғарғы сот судьясы Бағлан Мақұлбеков өз пікірін ортаға салған еді. Бағлан Мақұлбековтың айтуынша «Заң-халықтың өмір сүру ережесі. Әр азаматтың тағдырына қатысты өте қуатты қару. Сол үшін әр сөз нақты, дәл болуы керек. Алайда еліміздегі заңдар ресми тілде талқыланады. Оның себебі -мемлекеттік тілдегі заң терминдері жүйеленбеген, екіұшты мағына беретін немесе баламасы дау тудыратын терминдер өте көп» дейді [4]. Осы терминдердің бір ізді болмауы кодекске жасалған шала аудармалармен, бір мағыналы сөздердің орынына синонимдес көп мағыналы сөздерді қолдану осы біздің кодекстегі тілдің шұбарлануына алып келеді. Ал тілдің өзгертіліп, шұбарлануы заңның мағынасының бұрмалануының себепкері болмақ.

Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (Грант № AP09259787)

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Бауыржан Момышұлы 1944 жылы қазақ тілі жайында не айтты?» [Электронды ресурс] / / Ақпараттық жүйелер https://massaget.kz/layfstayl/debiet/bauyirjan_momyishulyi/50261/
2. «Алаш көсем сөзі: Тіл мәселесі көп томдық 2 том» Қайрат Сақ: Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2014 ж
3. «Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексі» Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ. [Электронды ресурс] (өзгерістермен және толықтырулармен) / / Ақпараттық жүйелер ӘДІЛЕТ.URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377>
4. «Заң неге мемлекеттік тілде жазылмайды? Ата заңда қателік қалай кеткен?» [Электронды ресурс] / / Ақпараттық жүйелер <https://informburo.kz/kaz/za-nege-memlekettk-tilde-zhazylmaydy-ata-zada-atelk-alay-ketken.html>
5. «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі Заңы (өзгерістермен және толықтырулармен) Ақпараттық жүйелер ӘДІЛЕТ. URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000151_

6 «Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі» Ерекше бөлімі 1999 жылғы 1 шілдедегі № 409-1 қабылданған. (өзгерістермен және толықтырулармен) / / Ақпараттық жүйелер ӘДІЛЕТ.URL:<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409>

7. «Гражданский кодекс Республики Казахстан» Особенная часть от 1 июля 1999 года № 409 (с изменениями и дополнениями) / / Ақпараттық жүйелер ӘДІЛЕТ.URL <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K990000409>

8. «Грек тілінен алынған сөздер. Ежелгі грек мәдениетінің сөздігі» [Электронды ресурс]/ / Ақпараттық жүйелер <https://kerchtt.ru/kk/zaimstvovannye-slova-iz-grecheskogo-slovar-drevnegrecheskoi-kultury/>

ПОЛИТИКО-ПРАВОВЫЕ ПРЕОБРАЗОВАНИЯ В СИСТЕМЕ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ БЕЛАРУСЬ (С 1991 Г. ПО 2021 Г.)

Садовский Д.Г., *магистрант кафедры политологии БГУ,
г. Минск, Республика Беларусь*

Охрана здоровья является основой функционирования современного общества. Право на здоровье признано на международном уровне как стандарт в области прав человека. Здравоохранение представляет собой один из крупнейших секторов экономики и олицетворяет уровень прогрессивного развития страны. На важность здравоохранения указывает и пандемия коронавируса, которая оказала и продолжает оказывать влияние на все сферы общественной жизни. Например, в числе последствий борьбы с заболеванием наблюдается сжатие производства товаров и услуг как в государственном, так и в частном секторах экономики, а также несогласованность спроса-предложения на международном рынке топливно-энергетических ресурсов, обусловившая нестабильность спотовых цен на энергоносители. Из этого можно сделать вывод, что здоровье населения оказывает существенное влияние на экономическую эффективность хозяйственной деятельности. Исследователи по всему миру отмечают важность объединения материального и человеческого капиталов. В таких условиях